

Өнеркәсіп саласындағы қызмет түрлеріне арналған лицензияларды берудің тәртібі мен шарттары туралы, тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндеу және сатуға арналған лицензияларды, сондай-ақ тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын Қазақстан Республикасынан тысқары сатуға арналған ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы энергетика, индустрія және сауда министрлігі 1999 жылғы 6 қыркүйек N 259 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 29 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 916. Қолданылуы жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Лицензиялау және рұқсат ету жүйесі жөніндегі қызметтерді қолданылып жүрген зандарға сәйкестендіру мақсатында:

Бұйырамын:

1. Қосымшадағы:

Өнеркәсіп саласындағы қызмет түрлеріне арналған лицензияларды берудің тәртібі мен шарттары туралы ережелер.

Тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндеу және сатуға арналған лицензияларды, сондай-ақ тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын Қазақстан Республикасынан тысқары сатуға арналған ережелер бекітілсін.

2. Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті (Тұяков Ж.Ш.) Өнеркәсіп саласындағы қызмет түрлеріне арналған лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары туралы ережелерді және Тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндеу және сатуға арналған лицензияларды, сондай-ақ тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын Қазақстан Республикасынан тысқары сатуға арналған ережелерді белгіленген тәртіппен тіркеу үшін Әділет министрлігіне бағыттасын.

Министр

Өнеркәсіп саласындағы қызмет түрлеріне арналған лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары

1. Қызмет түрлеріне арналған лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары туралы осы Ережелер (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасы

Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі N 283 заңына, "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қаңтардағы N 25 қаулысына, "Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы N 556 қаулысына сәйкес өзірленген.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитеті мен Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерін қоспағанда Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлеріне лицензиялар берудің тәртібі мен шарттарын айқындаиды.

2. Лицензиялаудың субъектілері

2. Лицензиялау жүйесінің субъектілері мыналар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (бұдан әрі - Лицензиар);
- 2) меншік түріне және ұйымдық-құқықтық нысанына, тіркелген жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары, шетелдік заңды тұлғалар (бұдан әрі - Лицензиат).

3. Берілген Лицензия Лицензиаттың қызметтің лицензияланатын түрінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыру құқығын заңды түрде бекітеді.

3. Лицензиялауга қатысатын тараптардың міндеттері

4. Лицензиар:

- 1) нормативтік құқықтық актілердің, басшылық нұсқаулардың, нормативтік-техникалық, әдістемелік құжаттардың жобаларын және қызметтің лицензияланатын түрлеріне арналған біліктілік талаптарын өзірлеуге;
- 2) өтініш берушілердің біліктілік деңгейінің сараптық бағалауын жүргізу үшін ұйымдарды айқындауға;
- 3) лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдауға;

4) Лицензиаттардың тізімін жүргізуге;

5) Лицензиаттармен ақпараттық-әдістемелік жұмыс жүргізуге, Лицензиатты лицензия берудің шарттары өзгергені туралы белгіленген тәртіппен хабардар етуге;

6) лицензиялық істердің архивін жауапты сақтауды жүзеге асыруға;

7) өтініш беруші мен Лицензиат туралы лицензиялау процесінде алынған ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етуге міндettі.

5. Лицензиат:

1) біліктілік талаптары параметрлерінің белгіленген тәртіппен бекітілген қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) кәсіпорында сапаны, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, метрологияны басқару жүйесін құру және оны дамытуды қамтамасыз ететін қызметтерді қалыптастыруға;

3) біліктілік деңгейінің сараптық бағалауын жүргізу үшін жағдайлар жасауға;

4) лицензиялық шарттарды сақтауға;

5) Лицензиарға лицензиялық шарттардың орындалуы туралы жыл сайын белгіленген тәртіппен есеп беруге;

6) Лицензиарға лицензиялық шарттардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға кедергі болмауға;

7) Лицензиарды құқықтық мәртебеде болған өзгерістер туралы хабардар етуге міндettі.

4. Біліктілік талаптары

6. Біліктілік талаптарына өндірістік және техникалық базаның сипаттамалары, баланстағы және жалға алынған үйлер, құрылғылар, машиналар, механизмдер, жабдықтар, дайын өнімді, жарылу, өртену қаупі бар күшті әсер ететін улы заттар мен өртке қарсы материалдарды сақтауға арналған Қоймалар, үй-жайлар мен сыйымдылықтар, техникалық-экономикалық көрсеткіштер, экологиялық, санитарлық және тау-кен қадағалау органдарының қорытындылары, нұсқаулар, жұмыс регламенті, қоршаған ортаның, азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің және т.б. сапасының кепілдігі және олардың қызметтің лицензияланатын түрлеріне сәйкестігі, сондай-ақ жоғары және орта білімі (куәлік, біліктілік алу туралы диплом), бар персоналдың болуы, практикалық қызметті растайтын: (жеке тұлғалар үшін: сертификаттар, куәліктер, аттестаттар, қорытындылар, актілер, оның ішінде қызметтің лицензияланатын түрлерімен тікелей айналысадын басшылар мен персоналдың біліктілік деңгейі кіреді.

7. Қызметтің лицензияланатын түрінің талаптарына жауап беретін біліктілік деңгейі:

- 1) өнімнің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін;
- 2) технологиялардың, өндірістік процестер мен жабдықтардың техникалық жобаларға сәйкестігін, технологиялардың сақталуын қамтамасыз етуді;
- 3) өндірістің қауіпсіз жағдайын және енбекті қорғауды ұйымдастыруды;
- 4) Лицензиаттың шаруашылық қызметтің қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңды түрде белгіленген талаптарына сәйкестігін;
- 5) Лицензиаттың кәсіпорнында өнім сапасын бақылау, енбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы, метрология жөніндегі бөлімшелердің болуы мен оның қызметтің дәлелдейді.

5. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

8. Лицензияланатын қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия біліктілік деңгейі қызметтің осы түрі үшін қойылатын талаптарға сәйкес келетін субъектіге беріледі. Лицензиаттың біліктілік деңгейге сәйкестігін Лицензиардың айқындауы, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген заңды, жеке тұлғалар (сарапшы-аудиторлар) өткізетін дербес сараптамалық бағалау негізінде айқындалуы мүмкін.

9. Лицензия алу үшін өтініш беруші және/немесе Лицензиат Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне:

- 1) белгіленген үлгідегі өтінішті;

Лицензиаттың қызметтің қажетті түрі бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

- 2) Лицензиялық алымды төлегендігін растайтын құжаттарды;
- 3) заңды тұлғалар үшін Жарғының көшірмесі мен мемлекеттік тіркеу туралы қуәлікті ұсынады.

10. Лицензиар шаруашылық жүргізуши субъектінің лицензия алуға берілген өтініші Министрліктің Кеңесінде ол берілген сәтте міндетті түрде тіркейді және барлық қажетті құжаттар болғанда бір ай ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он қүн ішінде қаралады.

11. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының салық заңдары айқынрайтайды.

12. Қызметтің әр жеке түріне жеке лицензия ресімделеді. Лицензияның қызметтің лицензияланатын түрінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызмет көрсетулер түрлерінің тізбесі бар қосымшасы болуға тиіс.

13. Лицензия иеліктен шығарылмайды, басқа заңды немесе жеке тұлғага беруге жол берілмейді.

14. Лицензия бір данада ресімделеді және Лицензиатқа қол қойылып не сенімхатпен беріледі.

15. Лицензия жоғалған (жойылған) кезде дубликат беріледі.

16. Лицензия иесінің Лицензиарды хабардар етіп лицензиядан бас тартуға құқығы бар.

6. Тараптардың жауапкершілігі

17. Лицензиар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес:

1) Лицензиаттың құқықтарын бұзғаны;

2) Лицензиаттан алынған құпия ақпаратты жариялағаны;

3) Мемлекеттік лицензияны берудің мерзімін кешеуілдеткені үшін жаупты.

18. Лицензиат:

1) лицензиялық шарттарды бұзғаны;

2) ұсынылған ақпараттың шындығы, толықтығы және уақыттылығы;

3) қызметпен тиісті лицензиясыз айналысу (лицензиялық тәртіп белгіленген қызметті жүзеге асырудан алынған кіріс заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке алынуға жатады);

4) лицензия мен оған қосымшалардың сақталуы үшін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

7. Лицензия беруден бас тарту

19. Егер:

1) субъектілердің (өтініш берушілердің) осы санаты үшін белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынса;

2) осы ережелердің 5-тарауына және Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда өтінішті қараудың мерзімі құжаттар толық мөлшерде табыс етілген уақыттан бастап саналады.

4) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмесе;

5) өтініш беруші осы Ережелердің 4-тарауына сәйкес біліктілік талаптарына жауап бермесе;

6) өтініш беруші қатысында оған қызметтің қажетті түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса лицензия берілмейді.

20. Лицензия беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелденген жауап қайтарылады.

21. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе бас тарту өтініш берушіге негіzsіз болып көрінсе, ол бір ай мерзімде бұл әрекеттерге сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

8. Лицензияның қолданудың тоқтатылуы

22. Лицензияның қолданылуы тек мына жағдайларда:

1) лицензия берілген мерзім өткеннен кейін;

2) лицензия берілген іс-әрекеттер жасалып, толық көлемінде жүзеге асырылғанда;

3) лицензия қайтарып алынғанда;

4) лицензия берілген азаматтың кәсіпкерлік қызметі доғарылғанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда тоқтатылады.

23. Лицензияның қолданудың тоқтатылуына байланысты даулар қолданылып жүрген зандарға сәйкес шешіледі.

9. Лицензияның қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтату

24. Лицензия мынадай жағдайларда:

1) Лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаса;

2) лицензия алған қызмет түрімен Лицензиаттың айналысына сот тыйым салса;

3) Лицензиар лицензияның қолданылуын кідіртіп қойған себептер жойылмаса қайтарып алуы мүмкін.

25. Лицензиар кідірте тұрудың себебін көрсете отырып, лицензияның қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

26. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге сотқа беру жолымен шағым жасауға құқылы.

27. Лицензияның қолданылуын тоқтату себептері жойылғаннан кейін Лицензиардың шешімі бойынша лицензия қайтадан қолданылады.

10. Есепке алу және бақылау

28. Лицензияларды есепке алды, сондай-ақ лицензиялық ережелердің сақталуын Лицензиар жүзеге асырады.

29. Лицензиаттардың біліктілік талаптарымен ережелердің сақтауын тексеруді Лицензиар зандарда белгіленген тәртіппен жүргізеді.

30. Лицензиар Лицензиатқа лицензиялық ережелердің орындалуы туралы қажетті құжаттар мен ақпаратты, қызметтің лицензияланатын түрі бойынша біліктілік талаптарына сәйкестік жөніндегі жыл сайынғы есепті табыс етеді.

Қазақстан Республикасы
Энергетика индустрія
және сауда министрінің
1999 жылғы 6 қыркүйек
N 259 бұйрығымен бекітілді

**Тұсті және қара металдардың сынықтары
мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау,
өндіру және сатуға арналған лицензияларды,
сондай-ақ тұсті және қара металдардың сынықтары
мен қалдықтарын Қазақстан Республикасынан тыскары
сатуға арналған рұқсаттарды ресімдеудің тәртібі туралы
Ережелер**

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Индустрія және сауда министрлігінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 71 бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына;

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі N 283-1 ҚРЗ заңына ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қаңтардағы N 25 қаулысына ;

"Занды тұлғалардың тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндіру және сату жөніндегі қызметтің лицензиялаудың Тәртібін бекіту туралы" 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 қаулысына ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 98

қаулысына сәйкес әзірленген және түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндөу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін өтініштерді қараудың және рұқсаттарды, лицензияларды берудің тәртібін айқындайды.

2. Өтініштерді қараудың тәртібі

2. Лицензиат (өтініш беруші) лицензияны ресімдеуге арналған құжаттардың пакетін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау департаментіне (бұдан әрі - департамент) табыс етеді.

3. Департаменттің қызметкерлері құжаттарды алдын ала сараптап және олар Министрліктің Кеңесінде тіркеуден өткеннен кейін қабылдайды.

Департаменттің басшылығы орындаушыны белгілейді және ол бөлім қызметкерлері арасында міндеттерді функционалды түрде болуге сәйкес Департамент бойынша бұйрықпен бекітіледі.

4. Департаменттің қызмет түрлерін лицензиялау бөлімінің маманы, белгіленген тәртіппен бекітілген лауазымдық нұсқаулармен оған жүктелген функциональдық міндеттерге сәйкес өтініш берушілердің құжаттарын лицензиаттарға қойылатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 969 қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды.

5. Лицензиялау бөлімінің маманы лицензиат рұқсат алу үшін табыс еткен дайындалған сынықтардың тегін растайтын құжаттаманы талдайды, расталған мөлшерге қорытынды дайындейді. Қажет жағдайда сараптама жүргізу үшін Министрліктің басқа департаменттерінің мамандары тартылуы мүмкін.

Қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын сату үшін рұқсат беруге арналған құжаттарды қарау кезінде Департамент сынықтарды тапсырушылардан сынықтың тегін растайтын бастапқы құжаттарды талап етуге құқылы.

Қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтары тегінің болуы мен заңдылығын, оның ГОСТ-ға сәйкестігін жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары тартылып тексерілуі мүмкін. Тексерудің нәтижелері актімен ресімделеді.

6. Өтініш беруші табыс еткен лицензия немесе рұқсат алуға арналған құжаттар оның құрамы Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің бұйрықымен бекітілген жұмыс тобының қарауына шығарылады.

7. Жұмыс тобының шешімі, жұмыс тобының мүшелері оған қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

8. Лицензиялар барлық қажетті құжаттар бар өтініш берілген күннен бастап айлық мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 10 күннен кешіктірмей беріледі. Рұқсатты алуға берілген өтінішті қарау мерзімі 30 күннен аспайды.

9. Ресімделген құжаттарды Департаменттің басшылығы Министрге қол қоюына ұсынады.

10. Лицензия өтініш берушіге лицензиялық алым төленгеннен кейін қол қойылып беріледі.

11. Лицензиаттардың тізімінде тиісті жазу жазылады.

12. Қазақстан Республикасының аумағында тұсті және қараметалдардың сынықтары мен қалдықтарын сатуға Лицензиардың қосымша рұқсатының лицензияның негізінде рұқсат етіледі.

Тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын республикадан тысқары сату ерекше шарттарда "сату: ҚР, ТМД елдері, алыс шетел" деген жазу жазылған лицензияның негізінде рұқсат етіледі.

Тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын, сондай-ақ сынықтарға жатқызылған пайдалануда болған рельстерді және темір жол төсемінің элементтерін республикадан тысқары сату үшін рұқсат алу үшін занды тұлғаның тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға, өндөуге және сатуға арналған лицензиясы болуға тиіс.

13. Өтініш берушіге лицензия беруден бас тартылса, Департамент белгіленген тәртіппен негізделген жазбаша жаупты ресімдейді.

3. Құжаттардың тізбесі

14. "Занды тұлғалардың тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндөу және сату жөніндегі қызметтің лицензиялаудың тәртібінің 5-тaraуына сәйкес қызмет түріне арналған лицензияны алу үшін өтініш беруші:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) лицензиаттың "Лицензиялау туралы" Жарлығының 15-бабының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алымды енгізгенін растайтын құжатты табыс етуі қажет.

15. Тұсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын Қазақстан Республикасынан тысқары сатуға арналған лицензияны алу үшін:

өтініш;

қызметтің осы түріне арналған лицензияның көшірмесін;

металдардың сынықтарына жүргізілген жинау (дайындау), қайта өндеу, туралы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тиісті әкімшіліктерімен расталған есепті;

сынықтар мен қалдықтардың тегінің заңдылығын растайтын құжаттар, оның ішінде: сатушының тиісті лицензиясының көшірмесімен тұсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын сату-сатып алу шарты (сатушы мен сынықтардың иесінің қолы қойылған беру-қабылдан алу актісінің болуы міндettі шарт болып табылады (актіде тараптардың деректемелері, лицензияларының нөмірлері, өткізілетін металл туралы мәлімет көрсетілуі қажет);

есеп ведомісімен толтырылған негізгі жабдықтар мен материалдардың (акауы бар өнімнің ОС-4, МБ-8 нысаны) есептен шығару актілерін ұсыну қажет.

16. Арнайы кәсіпорындардан сынықтарды алу арнайы кәсіпорынның ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне бұрын табыс етілген қосымша есебімен расталуға тиіс.

17. Пайдалануда болған темір жол төсемінің элементтерін (п/б рельстер, п/б стрелкалы өткелдер) және қозғалмалы құрылымдардың пайдалануда болған элементтерін (п/б дөңгелек жұптары, белдіктер) республикадан тыскары сату үшін лицензиат мыналарды ұсынуы қажет:

еркін нысандағы өтініш;

мемлекеттік лицензияның көшірмесі;

металдардың сынықтарына жүргізілген жинау (дайындау) қайта өндеу, туралы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тиісті әкімшіліктерімен расталған есепті;

сынықтар мен қалдықтардың тегінің заңдылығын растайтын құжаттар, оның ішінде: қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сату-сатып алу шарты (сатушы мен сынықтардың алғашқы иесінің қолы қойылған беру-қабылдан алу актісінің болуы міндettі шарт болып табылады (актіде тараптардың деректемелері, лицензияларының нөмірлері, өткізілетін металл туралы мәлімет көрсетілуі қажет);

негізгі жабдықтарды есептен шығару актілері; негізгі құралдары бар кәсіпорындардан - меншік иелерінен жолдан алған жолдың жоғарғы құрылымының ескі материалдарының жағдайы туралы өтініште көрсетілген мөлшерді растайтын актілер.

4. Лицензиялар мен рұқсаттарды берудің тәртібі

19. Қызмет түріне арналған лицензияға және тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын әкетуге арналған рұқсатқа Министр қол қояды.

20. Лицензиялар мен рұқсаттардың бланктерінің қорғалу дәрежесі бар және олар Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің елтаңбалы мөрімен расталады.

21. Лицензиялар мен рұқсаттар өтініш беруші растиған алуға арналған сенімхат болғанда беріледі.

5. Жауапкершілік

22. Лицензияны және түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын әкетуге арналған рұқсатты алу үшін табыс етілген құжаттардағы деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік өтініш берушіге (лицензиатқа) жүктеледі.

23. Лицензиялар мен рұқсаттарды беру мерзімдерінің сақталуы үшін жауапкершілік бөлімнің бастығы мен орындаушыға жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК